

ҚҰЛБЕК ЕРҒӨБЕК

САРАСӨЗ

(Әдебиеттану, сын әлемі)

АЛМАТЫ
«ҚАЗАҚСТАН»
2013

УДК 821.512.122.0

ББК 83.(5 Қаз)

Е 65

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

ЕРГӨБЕК Құлбек

Е 65 САРАСӨЗ: (Әдебиеттану, сын әлемі). Құлбек Ергөбек.

– Алматы: ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2013. – 572 бет.

ISBN 9965-10-109-4

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сыны кешеден тартып бүгінге қалыптасу, өсу, өркендеу жолдарынан өтіп жетті. Ол жолда өркенді өріс те, кері тартқан кеміс-кемшілік те жеткілікті. Сол жолда өткір жанрдың өрісін кеңейтіп, өркенін өсіріп кемелдендіріп сынғұмырға айналған тұлғалар қаншама?!

Оқырман жұртшылыққа кеңінен танымал сыншы, ғалым Құлбек Ергөбектің «Сарасөз» аталатын кезекті сын кітабы қазақ әдеби сыны, оның жетістік-кемшілігін әділ саралауға, тұлғаларын даралауға арналған жанрлық тақырыптық тұтас дүние. Бірінші бөлім – «Сынғұмыр» – әдебиеттанушы, сыншы ғалымдар портреті, «Сын тұғыр» – әдебиеттану, сын жанры проблемалары!

Сыншыл сырлы стиль, сындарлы ойдан бас құраған кітап оқырман көңілінен шығары шүбәсіз.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.(5 Қаз)

ISBN 9965-10-109-4

© Ергөбек Қ., 2013

© “Қазақстан” 2013

СЫРЛАСУ

Сын – әдебиет жанры. Бұл, әрине аксиома.

Сын – мәдениетті жанр. Сын аманда білімге сүйенеді. Тәрбиеге қоса алған білім кісіні мәдениетті етпей тұрмайды. Әдебиеттегі кемшілік, белгілі дәрежеде, мәдениетсіздік. Сыншы әдеби шығарманы сынағанда одан әдебиет әдеби мен жанр мәдениетін талап етеді. Жәй талап етпейді. Талантына талантын, біліміне білімін қарсы қойып сырласады. Сондықтан да сын жанрына қойылар талап әдебиеттің өзге жанрына қарағанда алабөтен. Әлде бір әдеби тенденция тұрасында айтып отырып, өзің мәселенің қойылысына деңгейлес алмасаң – мәдениетсіздіктің көкесі сол. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» Сондықтан, кім жайында, не жайында сөз сабақтасаң да алдымен сенің аузыңнан шығар сөз білім сөзі болуға, мәдениетке шақырған мәдениетті сөз болуға тиіс.

Сын – әдебиеттегі қанаттас, қаламдас, әріптестеріңе жол көрсететін жетекші жанр. Жетекші болу қайдан оңай болсын?! Жазушының алдына түсіп сөйлеу де сенен, жазушымен сырласып сұхбаттасу да сенен. Соның баршасы сыншы тұлғасы арқылы айтылады, сыншы тұлғасы арқылы жасалады. Демек, әдебиет сыншысы, белгілі дәрежеде, қоғам алдында отыруға тиісті тұлға. Өйткені, белгілі бір кезеңдегі әдеби-эстетикалық талғам қалыптастырушы тұлға – әдебиет сыншысы. Орыстың соңғы ұлы философы, 1937 жылы «жеке адамға табыну» зарарынан Қазақстанға айдалып келіп, небір азапты қазақ жерінде көрген Алексей Феодорович Лосев: «Мне кажется, что, если филолог не имеет никакого мировоззрения и никакого миросозерцательного вывода не делает, это плохой филолог». // А.Ф.Лосев «Страсть к диалектике» М; Сов. Пис. 1990. С.22)-дейді. Сыншыны тұлғаға айналдыратын да, оны өзі өмір сүрген қоғам алдына шығаратын да – өзіндік дербес пікірі. Озық пікір, ойлы сөз қайдан туады? Ол – дүниетанымнан. Қазақ әдебиетінің досы, ақын Н.С.Тихоновтың «Дүниетаным – шығармашылық қожасы» – дейтіні де содан.

Дүниетаным байлығы – ақынға да керек, жазушыға да керек.

Әмсе, әдебиет сыншысына керезірек. Дүниетанымы кең адам ғана Абай айтқан «кемел», «толық» адамға айналмақ. Дүниетанымы кең адам ғана ақынмен ақыниша, жазушымен жазушыдай сырласа алады, терезесі тең отырып сөйлесе алады. Осының баршасынан әдебиет сыншысы болып қалыптасудың қаншалық қиындығы аңғарылса керек. Сыншы болып қалыптаса тұрып, тұлғаға айналмаса – тағы да «дүние бос».

Сыншы құралы – сөз. Сыншы сөзі жәй сөз емес, көркем әдебиетті қоғамдық құбылыстармен байланыстыра қарап саралайтын сөз. Сыншы сөзі – сарапшы сөзі! Қолдарыңыздағы еңбектің «Сарасөз» аталу сыры да осында!

Сын жайлы сөз – парасат жайлы сөз. Өйткені ұлы ақын А.С.Пушкин: «Критика – наука открывать красаты и недостатки в произведениях искусства и литературы» – деген зой. Сын – сұлулық жайлы ғылым. Сын – сөз өнері! Ал сын жайлы сын ше? Ол тіпті де қиын болар. Өйткені бізде ақын-жазушылар айтылған сынды қабылдай бермейтіні секілді, үлкен-кіші сыншыларымыз да өздері жайында айтылған пікірге құлақ аса қоймайды. Қанаттас өзге жанрлар жайында толғайтын, белгілі шығармалардың жестістік-кемшілігін талдайтын сын ара-тұра өз бойына да қарап, методологиясын жетілдіріп отыруы керек-ақ. Ұлы сыншы В.Г.Белинский «Дух анализа и исследования – дух нашего времени. Теперь все подлезит к критике, даже сама критика» – деген екен уақытында. Қазір осы пікір қайта түлгендей халдеміз. Ұлт әдебиеті шеңберінде ғана емес, әлем әдебиеті деңгейінде айтылуға, мойындалуға тиісті бір шындық бар. Ол – белгілі теоретик, эстет Б.Бурсов пікірімен айтсақ: «Критика перестала рассуждать о самой себе, рассуждая о литературе» – деген шындық. Демек, әдеби сын процесін қиын да болса арнайы қарастырып, ойды ортаға салып, дүниеден өткен сыншы мұрасын жинақтап, жанрдың көзі тірі жауынгерлерінің қаламын өткірлеп отыруымыз керек.


Кітап бар саналы зұмырын әдебиеттану, сынға арнаған сын-зұмырлар туралы. Тағы да сөз аяңдап тұлға мәселесіне келеді. Сында қаншама адам, нешеме маман еңбектенеді бар зұмырын сарп етіп. Баршасы бірдей соның тұлғаға айнала бермейді. Жанр жәйін күйттей жүріп, көген арасында босқа өмір өткізушілер дегенде кім дей аламыз оларды?! Өкінішті. Алайда, ақиқатты айтпасаң – сөздің атасы өледі. Жанр тұлғасын талант атап, ардақтауға, тұлғаға айнала алмаған адамға аяушылықпен ғана қарай аламыз. «Сарасөздің» бір тарауы («Сынзұмырлар») түгелімен қазақ әдеби сынының тұлғаларына арналады.

Сонымен, сын – әдебиеттің жай-күйін күйттеп, оның кемшілігіне жанымен күйіп, жетістігін жан жүрегімен сүйіп еңбектенетін саралаушы жанр екен. Жанр талабын жіті игеріп, табиғатына шым бойлап енген білімпаз сын өнер көсегесін көгертері мәлім болды. Ондай сыншы көркем әдебиет бағы. Орайында бір сұрақ көкейге оралады. Көркем әдебиеттің жыртысын жыртышы сыншы өз жанрын қалай етпек? М. Әуезов айтқан: «Сын шын болсын, шын сын болсын!» – сыншы принципі, толайым ұстанымы! Әдеби сын да көркем әдебиет қатарлы жанр. Олай болса оның да пайда болу, күнеске тартқан өрістеу, көлеңкедей қалбалақтаған еңіс тартқан сәттері болады. Қазақ әдеби сынының тарихын ұстазымыз профессор Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің «Сын тарихы» аталатын байсалды зерттеу еңбегінде (кейін оқулыққа айналды) генезисінен тартып бүгінгі күнге дейін саралай алып шықты. Баянды дүние. Соңынан шәкірттер еріп, сын жанрының жай-күйін әр алуан аспектіде зерттеп келеді. (Д. Ысқақ). Тіпті, соның нәтижесінде ұлағатты ұстазымыздың ғылыми мектебі қалыптасты десек жарасады. Олай болса, қайырлы дүниені алға сала айтарымыз, сын да – дербес жанр ретінде сыншы назарынан тыс қалмауға тиісті. Саралау сөздің өзін де саралап отыру – өсер сынға өріс береді. «Сарасөздің» келесі тарауының («Сынтұғырлар») түгелімен сын жанрының табиғатына, өріс өркеніне, кем соққан кемшілігіне арналады.

Өз басым сын жанрына талаптана жүріп түйгенімді, алдымдағы аға буын рухында тәрбиелене жүріп алғанымды алғаусыз айтқым келді. Асықты көзді жұмып жасық деуге, келеңсізді көзді жұмып көсем деуге әзелден жоқпын. Жанр адалдығына сүйеніп «Сарасөз» атап еңбек жазып, оны оқырманға ұсындық. Мақсат – өткір жанрдың өрісін анықтау, ымырасыз жанрдың жаңа уақытқа сай қай арнада дамуы керектігі жайында ойласу.

Ешкім де аспаннан аяғы салбырап түскен жоқ. Бала болдық. Кітапқа қызықтық. Кітапқұмар қоғамда туыппыз. Қазақ, түрік халықтары, орыс, әлем әдебиетін бар жанрында оқып, таныстық. Б.Кенжебайұлы, С.Қирабайұлы, Т.Кәкішұлы, Ә.Кекілбайұлы, Робер Андре, Жан Фавье, В.В.Розанов, С.Бушмин, Н.А.Бердяев, А.Ф.Лосев сияқты әдебиетші ғалым, сыншыларды ұстаз тұттық. Бірінен аз, келесісінен көп үйрендік. Үйрене алсақ ол да өнер. Жаңалық басы – дәстүрге адалдық. Дәстүрге алалық жасаған жеріміз жоқ. Тек адалдық танытумен келемін.

І. СЫНҒҰМЫР



ҚАЙЫРЫМСЫЗ УАҚЫТТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛАНЫ

1. Ұлы ұстаз, ғалым Бейсембай Кенжебайұлы және басқалар

Біреуге қарғыс таңба басылғанда,
Біреудің данқы кетер ғасырларға

Сағди

Бәрі де кездейсоқ басталды.

Неге екені, орта мектепті бітірген соң ҚазМУ-дің философия факультетіне түсіп оқуға аңсарым ауды. Бірсыпыра уақыт философиялық оқулықтармен әуестеніп жүрдім. Бірақ, есітіп білуімше, философия факультетіне астананың жоғары астаудан жем жеген дөкейлерінің ғана баласы түсетін көрінеді. Әрі сабақ бірыңғай орыс тілінде жүрмек. Шарасыздан аталмыш оқу орнының филология – тіл және әдебиет факультетіне түстім. Мақсаттың басқа мамандыққа бұрылып кетпей, ұлт тілі мен әдебиетіне ойысқанына бүгін бір түйір де өкінбем.

Университет қабырғасында біздің курс (1970 жылғы студенттер) бірінші лекцияны профессор Бейсембай Кенжебайұлынан тыңдады. Ол сәтте менің бүкіл тағдырым диірмен тасын бастырсаң жығылмастай қажырлы, қайратты шашын жұқа кырықтырған ақсары адаммен сабақтасарын сірә да біле қойған жоқпын. Алайда ақсақалдың алғашқы сөзі әлі көкейімде. Бір сәт те де есімнен шығып көрген емес.

Түкірініп сөйлер пұшық қара, сүзіле қарайтын көзілдірікті декан 1970 жылы филология факультетіне оқуға түскен студенттердің тізімін оқып шықты да:

– Алғашқы лекцияны қазақтың үлкен ғалымы, профессор Бейсембай Кенжебаевтан тыңдайсыздар – деді.

Ақсары адам ақырын әңгіме сабақтады. Алдымен оқуға түскенімізбен құттықтады. Амандық-саулығымызды соншалық жылы сұрап шықты.

– Әрине, оқуға түсу оңай емес. Бірінді ағаларың, бірінді көкелерің демеген шығар. Ең болмаса сол кісілерді ұятқа қалдырмай жақсы оқыңдар, оқудың қадірін біліңдер, сендер оның бірі болып түстіңдер ғой – деді.

Декан әрі саскалақтады, әрі ашуланды.

– Бейсеке, айттық қой, биыл былық-шылық араласқан жоқ деп. Сізге не болған, Сізге не болған? – дей берді.

– Е, онда тіпті жақсы. Мен сүйеумен түскендер болса дандайсымасын деп айтып жатқаным ғой – деп ақсары ақсақал дәрісін әрі қарай жалғай берді.

Профессор не айтар екен деп аузына аңтарыла қарап қалыппыз. Бірақ, профессор әдебиет туралы айтпады. Профессор деген басқа болады екен-ау. Оқуға қалай түскенімізді айтты ма-ау, халық туралы айтты ма-ау? Ә, ә халық туралы айтты. – Қазақ ұлы халық. Сендер ұлы халықтың перзентісіңдер. Кейде бізді «Кіші халық» деп жататыны бар. Тарихта «Кіші халық» деген болмайды. Халық кіші болса тарихқа қалай кіреді? Тарихқа кірді екен... Ол кіші халық емес. Халық саны аз болып, атақты адамдар аз шығып ұлтты кішірейтіп кететіні болады. Даңқты адамдар аз шыкса халық даңқы да бәсеңситіні болады. Ең жаманы – жойылып кеткен... Тағдыр сақтасын бізді одан. Біз де саны аздау ұлтпыз. Әуел бастан аз болмаған қазақ. Аз болу себебі бар. Бірақ, оған қарап қазақ өспейтін халықтан екен деп қалып жүрмеңдер. Қазақ өспейтін халықтан емес. Өсетін халықтан. Бірақ, ана тілін қадірлеп өссе дейміз дә. Әйтпесе өседі ғой, өседі. Ол үшін халыққа сүйіспеншілік керек. Халықты өсіретін – Сендер! Өздерің өсіңдер. Ұлтты өсіретін ұлан болып өсіңдер!

Профессор көңілінде өмірі өтірік айтып көрмеген періште, айтса сөзінен қайтып көрмеген қайсар адамның кескіні жатты.

Біз – сарыуыз балапандар – сол жолы декан сөзін іштей қолдап, міз бақпай отырған едік. Бір курстағы елу баланың бәрінің бірдей өз күшімен түскеніне имандай сенген бейілде отырдық. Сол аудиторияда отырған елу баланың бірінің қалмай, бәрінің жетекпен түскенін бес жылдан кейін бір-ақ білдік қой...

Қарт профессор бір сағат шамасы қазақ халқының тарихы, тілі, әдебиеті жайында бірсыпыра әңгіме айтты. Әңгімені баяу айтатын тым сабырлы кісі көрінді.

Оқу басталып кетті. Қазіргі студенттерге қарағанда ол кезде сабақтың қадірі бар еді. Бейсембай Кенжебайұлы, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғалиев, Сұлтанғали Садырбаев т.б ұстаздарды тыңдау қызықты. Жастар да ынталы, жастар үшін ұстаздар да ынталы көрінетін.

Студенттердің ғылыми қоғамы мәжілісін өткізу – дәстүр. Жоғары курстың қыз-жігіттері белгілі бір тақырыпта баяндама жасайды. Төменгі курстың студенттері тыңдайды. Алдағы апаларымыздың бірі осындай мәжілістің отырысында “І. Жансүгіров – әдебиет сыншысы” деген тақырыпта баяндама жасап тұр. Сөзге кенде кісі көрінбейді. Көсіліп сөйлеп тұр. Бір орайда “Абайдан кейінгі әдебиет сыншысы деп Жансүгіровті танимын” – деп салды. Шамасы, осы сөз маған ерсі көрінді. Ішке түйіп қойдым. Екінші қыз бала «Ғаббас Тоғжанов – әдебиет сыншысы» – деген тақырыпта баяндама жасады. Ұмытпасам, аты-жөні – Жұпар Қожақова! Жап-жақсы баяндама. Ғаббас Тоғжанов бұрын-соңды естімеген есім. Ақыр-соңы «Абайдан кейінгі әдебиет сыншысы – Ғаббас Тоғжанов деп білемін» – деген түйінге келді. Апыр-ай сыншы болса Абайдан кейінгі орынды иемдену міндет пе екен? Екеуі бірдей бір түйінге келгені несі екен? Неше түрлі сұрақ қаумалады.

Талқылау басталып кетті. Бірінші курстың “боқмұрыны” орнымнан тұрып “пікірімді” айттым. “Жансүгіров алдымен – ақын, сыншылығы – сосын. Оның өзін Абайдан кейінгі орынға апарып отырғыза салған қалай болады?” «Ғаббас Тоғжанов – бұрын естімеген адамымыз. Жақсы сыншы көрінеді. Бірақ, ол да Абайдан кейінгі орыннан үміткер...» – деген ыңғайда шықты сөзім. Әркім-әркім сөйлеп, пікір айтып жатты. Студенттердің баяндамаларын тыңдап кірпі шаш ақсары қария – “Қазақ әдебиеті” кафедрасының меңгерушісі отыр.

Пікір сарқыла келе, ол орнынан көтерілді. Студенттерді талаптандыратын, қанаттандыратын бірсыпыра ақыл-кеңес айта келіп, кафедра меңгерушісі Бейсембай Кенжебайұлы менің атымды атап, пікірімді ілтипатқа алды. Мәжіліс бітті. Жөн-жөнімізге тарап жөнөдік. Дырдай профессор, кафедра меңгерушісі атымды атаған менің бөркім қазандай...

Бірсыпыра уақыт өткен. Жазға салым. Көп нәрсе орнына түскен. Көп жай ұмытқа айналған. Аудиторияға екінші курс студенті, әнші Құныпия Алпысбаев танаурап кіріп келеді. Келді де мені шап беріп білегімнен ұстай алды:

– Сені профессор Бейсембай Кенжебайұлы шақырады.

– Кім?

– Профессор Бейсембай Кенжебайұлы. Кафедрасында күтіп отыр.

– Енді түсіндің бе? – дегендей Құныпия нығырлай қайта-лады.

Мен демімді ала алмай, ауа жетпей құлап қала жаздадым. Шынын айтқанда, бірдеңе бүлдіріп қойған екенмін деп зәрем зәр түбіне кетті. Бүлдірмей жүрмейтін жастық шақ қой ол!

Ілгері басқан аяғым кейін кетіп ілбіп басып Құныпияның ізімен келіп “Қазақ әдебиеті” кафедрасына кірдім.

Төрде тұйғындай болып кафедра менгерушісі отыр. Жып-жинақы. Үсті-басында қылау жоқ. Қасында машинка басып Күлән есімді әдеміше келген апай. Түр-түсі қашып кеткен мені көріп профессор: – Ә, кел, балақай, кел – деп өзіне мейірлене шақырды. Жүзі жылы, үні жұмсақ.

Іштей “Уһ” – деп демалдым. Профессор қасына отырғызды.

– Не жазасың, қарағым? Өлең бе, әңгіме ме, сын ба?

– Жо-жо-жоқ. Ештеңе де жазбаймын. Мен ыршып түстім. (Әрине мектеп қабырғасында жүріп “Балдырғанға” әлдеқалай шатпақ жіберіп, жаттанды жауаптар алғанымды жасырып қалдым. Қ.Е.)

– Тіпті ештеңе жазбайсың ба?

– Тіпті ештеңе!

Қан сорпам шығып терледім-ау...

– Онда былай келісейік! Профессор байыппен әңгіме қозғады. – Сен мақала жазып көр. Жазғаныңды маған ұялмай көрсетіп отыр. Әнеугі сөзіңе қарағанда мен сені бірдеме жазатын болар деп едім. Жарайды. Әлі жазасың. Ұялма. Келістік пе?

– Келістік? – Үнім әлсіз шықты. Бірдеме жазып кафедра менгерушісіне көрсету... Атай көрменіз... Өнім түгілі түсіме кірмеген жай. Бар ынта-шыным – үлкен кісінің алдынан сытылып шығып кету.

Ұзамай жазғы демалыс басталды. Курстың бір шоғыры Алматы облысының “Талдыбұлақ” деген ауылына фольклорлық экспедицияға бардық. Халық арасынан ауыз әдебиеті нұсқаларын жинадық. Профессор Бейсембай Кенжебайұлының айтқан сөздері есімнен шықпайды. Неге екенін, тапсырмадай әсер ететінді шығарды. Қолым қалт еткенде бірдеңе оқып, бірдеңе жазатын әдет таптым. Онымды байқап қалған қу қыздар мен құрдас жігіттер “Профессор!” – деп қағытады. Қыл-қысқасы сол бір айда жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың “Танбалы тас”, Тұтқабай Иманбековтің “Үш айдың үш күні” повестеріне өзімше сын мақала жазыппын. (Әлі күнге ол шатпақтар архивімде жатыр. Қ.Е.) Ешқайда ұсынылмаған рецензияларымды кейде қолыма алып оқи қалсам екі бетімнен дуылдап от шығады.

Жазуын жазғаныммен демалыс аяқталып, оқуға қайта келгенде профессор алдына барған жоқпын. Көшеде, дәлізде кездесе қалса көп студенттің бірі райында сәлем беріп өте шығамын. Кейде қарт профессордың ту сыртымнан сүзіліп қарап қалатынын аңғарамын. Екінші курсты да тәмамдауға таяп келеміз.

“Қазақ әдебиеті” кафедрасының хатшысы Күлән Омарова апай мені іздеп аудиторияға кіріп келді.

– Ергөбеков кім, балалар?

– Мен.

– Сені Кенжебайұлы шақырып жатыр.

Салып ұрып “Қазақ әдебиеті” кафедрасына кіріп келдім.

– Ия, балакай сабақ қалай?

– Жақсы...

– Жазғы демалыс айларында қайда боласың?

– Ауылда боламын. Дем аламын. (Не жазып жүрсің деп сұрамағанына шүкір)

– Немене, шешеннің емшегін емесің бе?

– Жоқ, енді былай...

– Алматыға ілім жинау үшін келдіңдер ме, болмаса демалу үшін бе, ә осы?

– Енді...

– Енді былай ет! – Ол сәл үзіліс жасады. Сөйтті де «Сен мені шығарып салшы» – деді.

Калинин (Қазіргі Қабанбай көшесі) көшесін бойлай жүріп келеміз. «Арабша оқи аласың ба?» «Оқи аламын». Бұрын да сұраған. Қайталау. Тағы не сұрады? «Әкең бар ма?», «Шешен ше?», «Отбасылық жағдайың нашар екен ғой», «Сабақ үлгерімің қалай?»

Біз баяу аяндап Төлебаев көшесі қиылысына келіп жетіп-піз. Міне, аулаға кірдік. Үш қабатты сұр үй. Қоштасуға ынғайландым. Жоқ. Жіберер болмады. Бірінші қабаттағы пәтердің түймесін басты. Қараторы апай есік ашты. Кірдік. Аяқ тастап төрге оздық. Қысылып отырмын. Кең зал. Қалада көріп жүрген үйлерімнен мынау үйдің еңсесі де биік, аумағы да кең. Әнуарбек Дүйсембиевтің үйі кең көрінуші еді. О, мына пәтердің қасында. Өз ойыммен өзім әлек. Апай шақырып, ас үйге өттік. Жұқа тарелка сорпа іштік, котлет жедік. Апайдың аршып берген бір-бір алмасын бажардық. «Енді дем алыңдар» – деді апай. Ағай нұсқаған «кушеткаға» кілем үстіне қисая кеттім. Апайдың дауысымен ояндық. Шәй іштік. Алма қабығы ішіне салынып

пісірілген «бэрамыш» па, әйтеуір бір тіл үйірет тәтті дәм жедік.

Ағай екеуміз Төлебаев көшесімен жоғары өрлеп келеміз. Абай көшесіне жеттік. Міне, Пушкин (Бүгінгі Ұлттық кітапхана) кітапханасы. «Сирек қолжазбалар мен кітаптар бөліміне» өттік. Алдымыздан ақсары жас келіншек еркелей қарсы алды. Бұрыннан таныс, тіпті жақын кісілер секілді. Амандық-саулық сұрасты. Әке-шеше амандығы айтылды.

– Сәуле қызым, мына баланы танып ал. Тыңдайтын бала. Әзірге «Ай-қапты» аш, «Ауыл» газетін бер. Арабша таниды. Біртіндеп талабына қарай сирек кітаптар, журналдарға апарарсын...

Ақсары келіншек маған жалт қарады. Сәлден соң Бейсекене қарап басын иді. Сәл-пәл ғана.

– Өзі келеді – деді Бейсекең.

Аяңдап қайттық. Жол-жөнекей маған тапсырма беріп келеді.

«Үш ай жаз Орталық кітапханада отырып, жиырманшы (ол кісі солай айтатын. Қ.Е.) жылдары Қостанай губерниясының тілі болған “Ауыл” газетінің тігіндісін ақтар. Әсіресе зер салатының Мұқаметжан Сералиннің мақалалары болсын. Тарықсаң – тамақ біздің үйден, қиналсаң – қаражат менен. Тартынба келіп тұр. Күзге дейін бір ғылыми мақала жазып әкелесің. Түсінікті ме?»

– Түсінікті.

Түсінген ештеңем жоқ. Ғалым қатулылау көрінді. Жұмсақ мінез жайына қалған. Шамасы, менің ештеңе жазып апарып көрсетпегенім ұнамаған ол кісіге. Сөзі бұйрықтылау. Дегенде қарсы келмей, бір жөні болар дегендей жолайырықта хоштасып жөніме кеттім.

Үш ай жаз күнім “сирек қорлар бөлімінде” өтті. Сонда барып білдім. Бөлім менгерушісі – Сәуле Ақынжанова – тарихшы Мұсатай Ақынжановтың қызы. Бейсекең мен Мұсатай қария құрдас. Содан да Бейсекең Сәуле апайды «қызым» дейді екен. Сәуле апай да Бейсекеңді әкесіндей көреді.

Бұл – менің қазына есігін тұңғыш ашуым еді. Бейсекең тапсырмасы бойынша Сәуле апай жан-жағына сақтана қарап қойып «жабық» журналдар, кейбір кітаптарды көрсетіп еді сол жолы. Және Бейсекеңнің айтуымен барып, Сәуле апай мейірдандығымен кітапхананың «алтын қорын» ашқан жалғыз мен болмаспын.

Екі ай архив шаңын жұтқан мен үшінші айға шыдамай ауылға тартып отырдым. Ауылға келген соң, “Ауыл” беттерінен көшірме жасаған көк дәптеріме (архивіме сақтаулы. Қ.Е.) көбірек үнілетін әдет таптым. Қайта оқығанда байқадым “Ауыл” газеті тігіндісінде кездескен “М.Сералин”, “М.С.”, “Мұқат” – деп қол қойылған материалдардың бәрін араб қарпінен қазақшаға аударып көшіре беріппін. Қалған бір айда итшілеп жүріп “Мұхаметжан Сералин “Ауыл” газетінде” – деп аталатын мақаласымақ жазып аяқтадым-ау. Журналистика жанрларынан мүлдем хабарсыз жан, тіл-әдебиет факультетінің оң мен солын ажыратпаған көгенкөз журналист мұрасын қайбір ақи-тақи тани қойды дейсің, Б.Кенжебайұлының М.Сералин жайында жазылған зерттеулеріне сүйене отырып, көшіріп алған материалдарды мазмұндаумен шектелсем керек...

Күз түсті. Қайта сабақ басталды. Бір шатпақты жазып тастап профессорға көрінуге ұялып қашқақтап жүрмін. Тағы да Күлән апай келді. Тағы да профессор алдына шәкірт басымды иіп өрттей қызарып мен отырмын. Қолында қаламы бар профессор шәкірт қолжазбасына үніліп оқып, жөндеп кеп кетті. Қансорпам шығып мен отырмын. Ғалым жүзіне үнілемін. Әжім-әжім кәріс беттің қатпарлары жазылыңқы-ау деп шамалаймын әйтеуір. Әлден уақытта профессор басын көтерді. «Дұрыс!» – деді. Деді де телефон трубкасына жармасты.

– Қапанбысың?

–

– Саған қазір бір бала барады. Материалын машинкаға тез бастырып беріп жіберерсің.

Трубканы қондырғысына қойған профессор:

– Сен “Социалистік Қазақстан” газетінің редакциясының қайда екенін білемісің?

– Жоқ.

– Ол ана жерде. Сол редакцияда Қапан деген жігіт бар. Барсаң мына мақаланды бастырып береді. Бастырып алып, қайта кел. Мен 327 аудиторияда болармын. Үлгерсең сонда кел!

Сұрай-сұрай “Социалистік Қазақстан” газеті редакциясын да таптым. Қапан деген жігіт үнсіз ғана қолымдағы қағазды алды. Бірдене сығырлап жатқан бөлмені көрсетіп:

– Анау есікке бір сағаттан кейін келсең, мақала дайын тұрады.

– Жарайды – деп жайыма кеттім. Бір сағатты зорға өткізіп

әлгі есіктің алдына келіп күтіп тұрдым. Бірсыпыра уақыттан кейін әдемі ақсары тығыншықтай келіншек сыртқа шығып:

– Бейсембай Кенжебаев жіберген бала сенсің бе? – деді.

– Иә...

– Мә, ендеше!

Қолыма оқушы дәптері мен ақ қағазға басылған материалды ұстата берді. Ұстата беріп, әлденеге бөгелгендей болды. Әрине, мен ол кезде машинкаға мақала бастырғанына ақша төлейтінін тіпті де білмейді екенмін. Кейін қызметтес болғанда білдім, менің алғашқы мақаламды машинкаға тегін басып берген кісі – Күлтәй апай екен.

Екі өкпемді қолыма алып кафедраға келдім. Бейсекең сабақта екен. Айтқан аудиториясына барып, есіктен сығаладым. Күтіп отыр ма, қалай әйтеуір жалт қараған оқымысты:

– Кел, кел, кір! – деді. Қымсына ішке ендім. Ендім де босағада тұра қалдым. Бейсекең қасына шақырды.

– Бастырып берді ме?

– Иә...

– О, жақсы болған.

– Енді былай етейік балалар. Бүгінгі сабақты сендерге мына екінші курстың студенті Ергөбеков өткізеді.

Денем дір ете түсті. Айналама қарасам үшінші курс студенттері. Ал мен бұлардың қасында кімін, бәтір-ау? Аудитория мырс-мырс күлкі.

– Қалайша өтемін, қалайша? – дедім жәрдем күткендей профессорға жалынышты жалтақтап.

– Не қалайы бар, мақаланды оқып бер. Содан кейін талқылаймыз. Орыс әдебиетінде үлкен жазушыларының белгісіз материалдары жоғары бағаланады. Сол секілді бұл Сералиннің белгісіз қырына арналған. Ал, баста!

Аудиторияны таңданыс биледі. Басымды көтеріп аудиторияны шола қарап едім шәкірттердің жуан ортасында отырған Өтеген Оралбаевқа көзім түсіп кеткені. Әдеби бірлестікте өлең оқып, жастар газетінде өлеңдері жарияланып жүрген жігіттің мысы тіпті басып кетті. Басым салбырап жерге жетер болды.

– Кәне, Ергөбеков, оқы – деген дауыстан есімді жидым.

Жидым да тасқа басылған мақаланы судыратып оқи жөнелдім. Не оқығанымды өзім білсем не дерсіз?! Өз үнімді өзім естімеймін. Қатесі қаралмаған мақаланы машинкаға қалай басылса солай оқып шыққан болармын, сірә. Байқасам, мақала соңында “Бейсембай Кенжебаев. Филология ғылымдарының

докторы, профессор” – деген жазу тұр. Оқып шықтым мақаланы. Киімім сығып алардай су болды.

– Болдың ба?

–

– О, бәрекелді!

Әрі қарай профессор сөйлеп кетті.

– Сендер ғой, ала жаздай доп қуып, былтыр оқығандарынды ұмытып қалып, бос келіп отырсындар. Өздеріңнен кіші, екінші курстың студенті Ергөбеков жаз бойы кітапханада отырып қызықты материал жинады. Мынадай қызықты мақала жазып шықты. Бұл мақаланы жариялатамыз енді...

Ақсақал сөзін аяқтай беріп, ақырын аудиторияға көз тастады. Аудитория тым-тырыс. Шыбынның ызыңы естілгендей. Күле қарап отырған қыз, жігіттердің бәрі жым болған. (Кейін білдім, мұның бәрі талантты жігіттердің қытығына тию, ықыласын ояту мақсатында жасалған шынайы ағартушы әрекеті екен ғой. Ал, бірақ маған тап сол сәтте азап болды-ау, азап. Қ.Е.) Әрі профессордың әлгі сөзінен кейін аудиториядан мақалаға пікір айтар ешкім бола қоймады. Мақтағанды кім жек көрсін. Жанданайын, жонданайын дедім мерейленіп, жоғарғы курсқа қыр көрсеткендей жонданайын дедім білем.

Қуану мен қысылу, мерейлену мен ұялудың арасында әрі-сәрі күй кешіп тұрғанда қоңырау соғылды. Ғалым қолтығымнан алып “Қазақ әдебиеті” кафедрасына беттеді... Қысылып келемін...

– Ал, енді бұл мақаланың қатесін қарайықшы деп профессор қағазға қайта үңілді. Шамасы менің кейбір сөздерді қате оқығанымды аңғарған. Оқып отыр, әріп қатесін шығарып отыр. Соңғы парағына жетті. Шамасы, мақала авторы ретінде тұрған өзінің аты-жөнін көрді.

– Әй, мынасы несі? – Оқымысты кісі қылмыс істеп қойғандай шошып кетіп, жалма-жан өз атын өшіріп, менің аты-жөнімді жазды. Сөйтті де мақаланы столдың оң жағына қойды.

– Күлән, бір-ер сөз айтайын, тасқа баса қойшы – деді. Іле ақырын сөйлеп мынадай хат жаздырды:

“Смеке!

Сералин жөнінде мақала керек деген едіңіз. Мына бір мақала жазылды. Оқып шықтым, жарамды. Журналыңызға басып жіберуіңізді өтінем. Сәлеммен Бейсембай Кенжебаев”.

Хатты қолыма ұстатып тұрып, Қазақстан Республикасы

Ғылым академиясына қалай баратынымды, “Қазақстан Ғылым академиясы Хабаршысы” журналы редакциясын қалай табатынымды тәптіштеп түсіндірді. Мақаланың ғылыми мәнерде жазылғанын, сол себепті ғылыми журналға ұсынып отырғанын айтты.

– Журналдың бас редакторы Исмет Кеңесбаев деген академик. Соған бар. Мына хатты қолына бер! Бейсекең сөзін аяқтады.

Еденін бассаң күмбезі күмбірлейтін қасиетті қара шаңырақтың есігін ашып, сығалап жүріп Исмет Кеңесбаевтың кабинетіне де өттім. Таудай болып төрде отырған ақ басты, ат жакты, бір езуі күлкі үйірілгендей сәл тартылынқы тұратын ірі кісіні көргенде “е, академик дегеніңіз осындай болады екен ғой” – деп ойладым.

Обалы не, Исмекең шәкірт баланы жаман қабылдаған жоқ. Мән-жайымды сұрап алып:

– Иә, әрбір студентінен ғалым көрген қайран Бейсекең! – деді. Мақтау сөз екенін, әлде кекетінді даптау сөз екенін әлі күнге ажырата алмай келемін.

Академик аз-кем ақ қағазға үңіліп қарады да:

– Қарағым, мен тіл жағына қараймын. Әдеби материалдарды әдебиет институтының директоры Әди Шәріпов деген кісі қарайды. Әйтпесе журналдың жауапты хатшысы Сейіт деген жігіт бар. Соларға көрсет мақаланды. Жарай ма, ойнолойын – деді. Академиктің аузынан “а” дыбысы “о” дыбысына айналып “ойнолойын” болып шықты...

Академиктің алдын көрген «батырға» бірден жауапты хатшы дәрежесіне түсу қолайсыздар көңілі қоңылтақсыды да, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Әди Шәріповке келіп кірдім. Бадырақ көз ақсары кісі екен. Әуелінде “бұл не қылып жүрген бала?” дегендей біртүрлі қарады да:

– Иә, сөйле батыр – деді.

– Сізге Бейсембай Кенжебайұлы, ә, жоқ Исмет Кеңесбаев жіберді – дедім. Сөзім адасып басталғанымен нық шықты. Шамасы бойым үйренейін деген болуы керек. Сөйттім де хатты мақалаға қосып ұсына бердім. Әдекең хатты оқып шығып мақалаға асығыстау көз жүгіртіп өтті. Ақыры хаттың төменгі етегіне: “*Сейіт, маған жолығарсың. Әди Шарипов.*” – деп жазды. Енді “Хабаршының” жауапты хатшысына бетке алып келемін.

Аузы томпақтау, шашылыңқырап сөйлейтін аққұба жігіт хат, мақаламен танысып шықты да; журналдың студенттерге емес ғалымдарға арналғанын, аспиранттардың материалдарының өзін сирек басатынын айтты. Сөйтгі де:

– Немене, Бейсекеңнің туысысың ба? – деді.

– Жоқ!

– Ә, жарайды. Қалдырып кете ғой.

Мақаланы қалдырып, хатты кері қайтарып алып (хат жәдігерлік райында күні бүгін архивіме сақтаулы), “жазған құлда шаршау жоқ” – деп шығып жүре бердім.

Бейсекеңе келіп бастан кешкен хикаяны қысқа баяндадым.

– Өзім телефон шалармын оларға. Сен алаңдамай сабағыңды оқы. Мақаланы жиірек жазуға тырыс! Қысылмай үйге келіп, жазғандарыңды көрсетіп, ақылдасып тұр!

Ғалым бейілді қоштасты. Әкедей мейірлі жылы сөзге жаным елжіреді. Алға озыңқырап айтар жай – шәкірт мақаласы “Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабаршысына” басылған-басылмағанын бүгінгі күні де білмеймін. Қайтып бармадым. Хабарын білмедім. Ал Бейсекеңнің шәкіртке қанат байлаған хаты әлі күнге архивіме сирек кездесетін жәдігерлік ретінде көздің қарашығындай сақтаулы тұр. Тағдыр дегеніңіз қызық, алғашқы мақаласын бастыра алмаған шәкірт бала 1990 жылдан бастап әлгі аталмыш “Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабаршысы” ғылыми журналының жауапты хатшысы...

Өзі тартқан ащы тәжірибенің кермек дәмі аузынан кетпей ме, әйтеуір журналға лауазым иелерінен гөрі жас талапкерлер материалын жариялауға ықыласы ауып тұрады... Мұны қалай түсіндіруге болады? Кім білсін!...

Сабақ басталып кетті. Шәкірт бала алаңсыз оқып жүр. Үзілісте Күлән апай кіріп келді:

– Ергөбеков, сені Бейсекең іздеп жатыр. Үйге келіп кетсін – дейді.

– Жарайды, апай.

Сабақ аяқталысымен шәкірт бала сол кездегі Төлебаев және Калинин (Қабанбай) көшелерінің қиылысындағы 154 үйдің бірінші қабатындағы профессор пәтерін бетке ала тартып келеді. Әрине, бұл баяғы өлердей ұялшақ сарыауыз балапан дерлік сары бала емес. Атақты ғұлама үйінен, мейлінше бауырмал қараторы Меңжамал есімді татар шешесінің қолынан өте тәтті, жұғымды тағам мен сүт қосқан сінімді шәйды әлденеше рет

татқан, бойы үйрене бастаған, бірақ адыраңдап ұятты аттамаған ұяндау бала.

– Ә, келдің бе?

Есікті қарт профессордың өзі ашты. Шәкірт баланы кабинетіне оздырды. Айнала сірескен кітап, бай кітапхана. Өзі жазу столына жайғасты. Қасына шәкірт баланы отырғызды. Хал-жай сұрады.

– Менің сені шақырған себебім мынадай: энеугі күнгі мақаланың өзімдегі екінші данасын қазақ радиосына берген едім. Назарбек деген жігітке. Сол жігіт телефондай: “Сіз бірге қол қоймасаңыз, аты беймәлім баланың материалын басшылық өткізбей жатыр” – дейді. “Автормен ақылдасайын” – дедім. Әрине сенің-ақ атыңмен кете беруі керек еді, еңбекті атақ істемейді, адам істейді ғой. Қайтесің енді, түсінбейді ғой бүгінгі басшылар. Әйтпесе қартайған Кенжебаевтан гөрі жаңа есім ашу, жастарды таныту – мұрат болмас па – деп көсіліп, әлдекімге ренжи сөйлеп кетті. Ақыры:

– Бірге қол қоюға ризалық бересің бе? – деді.

Терге шыланған шәкірт бала:

– Ағай, Сіздің атыңызбен-ақ кете берсін де... – деп қалды.

– Жо-жок. Олай деме қарағым. Қарт адамның жас еңбегіне емінуінің өзі жарасымсыз. Қайтесің енді? Ғылыми мақала. Сералин туралы дейді. Бірге қол қоюға көн енді. Жарай ма?

– Е, жарамағанда ше?

Ұстаз бен шәкірт шәй ішіп тарқасты. Шәкірт ұстаз өсиетімен ғалым кітапханасынан кітап алып оқып тұруға міндеттенді...

Тағы да Күлән апай:

– Қайда жүрсің, сені Бейсембай Кенжебайұлы іздетіп жатыр.

– Не істейін, апай?

– Үйіне бар!

Есікті әдеттегідей ғалымның өзі ашты. Үстінде сұр пешпет, қолында бір жапырақ қағаз. Қағаз жел үрлегендей жеңіл дірілдейді.

– Жақсы келдің. Екі-үш күннен бері сені іздетіп, зорға таптым ғой. Түнеуі күнгі мақаланы радиодан оқыды. Тыңдаған жоқсың-ау, ә. Мен де тыңдай алмадым. Жігіттер ескертуді ұмытып кетіпті. Соған қаламақы қояды ғой. Сенімді тұрағыңды білмей, қаламақыңды біздің үйге жіберіпті. Жаныңда докуменің бар ма? Бермесе менің паспортымды апарып, көрсетерсін.

Мә, мына қағазды ал да бас почтаға апарып, ақшанды ал. Әйтпесе, кері қайтарып жіберер... Маған сенен гөрі көбірек қойыпты. Одан да саған көбірек қойсайшы шіркіндер.

Ғалымның соңғы сөзін сыртқа беттеген шәкірт бала ту сыртымен тыңдап үлгерді.

Шәкірт бала Бас почтаға барып 18 сом 60 тиын қаламақы алды. Ол кезде ақшаның бағасы жоғары, берекесі бар. Әлгінде қолын қағаз қарығандай болса, енді профессор жебеуімен жазылған мақала қаламақысын не істерге білмей сасқалақтаулы. Ол кезде, жетпісінші жылдары Бас почтаның қарсы алдында “Академкітап” киоскесі тұратын. Үніліп қарап еді, көзіне академик Н.И.Конрад кітабы шалынды. *“Батыс және Шығыс”* аталады. Бейсекеннен атын есітіп, кейбір тарихи кітаптар оқып үлгерген студент айтулы ғалымның әлгі кітабын жалма-жан сатып алды. Балалығы шығар, алғашқы бетіне: *“20.XII.72 ж. Алматы қаласы. КазГУ филфак. III курс. Ерғөбеков Құлбектің жеке кітапханасы. Гонорар басы арақтан гөрі кітапқа деген идеямен алынды. Құлбек ибн Сәрсен әл–Отырари”* – деп жазды да тастады. (Бұл кітап та жастық шақ жәдігерлігіндей сақтаулы. Қ.Е.). Сол сәтте қарт ғалымның “Алсаң да, ала алмасаң да телефонмен хабарла. Мен алаңдамайын” – деген тапсырмасы есіне түсті. Қарт ғалымды қалай қуантсам, әлде осы ақшаны барынша ұстаз қолына салып, қайтып берсе ғана алуы керек пе еді? – деп те ойланды алабұртып. Бұрын қаламақы алып көрді дейсің бе, тәйірі?! Тұңғыш қаламақы. «Қаламақы» деген қандай ыстық сөз. Бозбала алабұртып барып телефон-автомат құлағына жармасты. Телефон құлағын ғалымның өзі көтерді.

– Ө, алдың ба, айналайын?

– Алдым ағай.

– Үнемдеп, ұқыптап тамағыңа жұмса, артылса кітап ал. Шарапқа жұмсай көрме. Артыңнан қаражат жіберер ешкімің жоқ. Ғалым жанашыр сөзін айтып жатыр.

– Ағай!

– Өу?

– Бұл мақалада менің еңбегім аз ғой...

– Аз деймісің? Алғашқы қаламақыға аздық етпейді. Азсынсаң тағы жаз. Аз десең мендегі жартыны ала ғой... Бірақ мақаланы қаламақы үшін ғана, қаламақыны мақсат етіп жазуға болмайды. Тарықсаң келіп тұр айналайын. Ал жақсы енді, ішкілікке ұрынып қалмаңдар. Жуу деген болмасын. Қағаз-қаламақыға

көбірек үйірсекте. Сөйт. Сау бол, айналайын. Хабарласып хал білдіріп жүр.

Шәкірт ауыз ашып үлгермеді. Профессор өсиетін айтты да, телефон құлағын ілді. Енді қолтығына кітабын қысып, жатақханаға қарай аяңдап келді. “Аяулы ұстазға мен не айттым? Ұстаз маған не айтты?” – деп ойланды кенет. “Аз деймісің? Алғашқы қаламақыға аздық етпейді. Азсынсаң тағы жаз...” – деді-ау.

Шәкірт ойы – “мақалаға менің еңбегім сіңген жоқ қой, мына ақшаны не істеймін?» – дегендік еді. Ал ұстаз болса “Мына қаламақы менің еңбегіме аз” – деп түсінген сынды. Масқара-ай. Шәкірт баланың жүрегі бұлқына соғып-соғып кетті. Қолтығынан кітабы сусып түсті. “Мынау бір ақшақұмар ит екен” – дейтін болды-ау ұстаз. Көңілінде кірбің қалмады ма екен? Енді қайттім?

Жатақханаға жеткенге дейін шәкірт бала басы осы ойдан, осы сауалдан бір босамады.

Құрдастары балаң жігіттің өз арасынан мақала жазып, тұңғыш рет қаламақы алғанын “жууға” ұйғарды. Кәріс типтес кішкентай тықыр қара досы өзінен үлкен сары сөмкені сүйретіп дүкенге кетіп бара жатты...

Егер де дарынды шәкірт көрсе тағатынан айырылатын, талапты жанды мәпелеп баулудан ерінбей-жалықпайтын жібек жанды, жұпар жүректі ұлы ұстаз Бейсекеннің қамқорлығын, шикілі-пісілі бір мақала жазып, ол радиодан оқылса, мұны әдебиетке жатқызуға болса, онда мен әдебиетке міне осылай келген едім. Бұл – менің әдебиеттегі тырнақалдым. Алғашқы адымым.

Шындықтың да шындығы бар

Алматыда алғаш түскен үйім – көрнекті қазақ балалар ақыны марқұм Әнуарбек Дүйсенбиевтің үйі болатын. Бұл балажанды адамды бізге ешуақытта ұмытуға болмайды. Өйткені кісілік тағдырымызға көп ықпал еткен адам. Алғаш төсекке төселетін ақ сейсеп тәнімізге осы үйде тиіп еді. Сабақтан қол қалт еткенде барып тұрар қазақы тамақты сағынсақ, барып Рабиға жеңгейдің дастарқанынан жеп тұрар едік. Қазақтың Зейнолла Шүкіров, Бек Тоғысбаев, Мұқағали Мақатаев, Сағи Жиенбаев, Оспанхан Әубәкіров, Ермек Өтетілеуов, Тұманбай Молдағалиев, Машқар Гумеров секілді бірсыпыра ақын-

жазушыларын мен алғаш рет осы үйде көріп, танысып, табақтас болған жайым бар.

Үйіне еркелей барып, есендесіп кетіп жүрген күндері Ән-ағаң үнемі балалар әдебиеті жөнінде әңгіме қозғар еді. Осы саланың арнайы сыншысы жоқ – деген әңгімені де құлағыма салып қоятын. Өкінішке қарай, менде балалар әдебиеті деген ұғым жоқ болып шықты. Анау ақынды сұрайды, мынау ақынды сұрайды. Бірлі-жарымын болмаса көбін білмеймін. Алғашқы кезде балалар әдебиеті өкілдерін білмегеніме бәлендей қысыла қоймадым. Білмедім-ау деген әңгіме қаперіме де кірмеді, айылымды жимадым. Келе-келе білместігім үшін ұялатын халге келдім.

Ән-ағаң кітапханасынан М.Әлімбаев, Ж.Смақов, М.Жаманбалинов, Е.Өтетілеуов, Ж.Кәрібозин секілді ақындардың аяулы ағатайға жазып берген жыр жинақтарын алып оқи бастадым. Бірте-бірте сөредегі кітаптардың біразын оқып үлгердім. Енді Ән-ағаңмен әңгімеміз жарасатын халге жеттік. Сондай күндердің бірінде ол тартпасынан әлдеқандай бір журналдың жыртылып алынған бір бетін алып маған ұсынды. Алып қарасам американ әдебиет сыншысының (атын ұмыттым) “*Қалай әдебиет сыншысы болып қалыптасу керек?*” – деген мақаласы екен. Шамасы “Культура и жизнь” журналында басылған материал болар. Оқып шықтым да ойға қалдым. Сыншы айтар ойдың түйіні – сыншы боламын деген адам ешкімнің беделіне, жолдас-жоралыққа, тамыр-таныстыққа қарамауы керек. Шығармадан кемшілік байқаса аяусыз, ымырасыз сынауы керек... Қазақша айтқанда “Тура биде туған жоқ, туғансыз биде иман жоқ”.

Тағы бірде үйіне барғанымда: «Студенттік кезде жиған кітапханамның жұрнағы еді. Енді сыншы болмаспын, ақын бола алсақ та жарайды. Ал мына кітап саған берген сыйым болсын – деп атақты сыншы В.Г.Белинскийдің үш томдық таңдамалы шығармалар жинағының бір томын қолыма ұстатты. (Мен ол кітапты Ергөбек Сапарбекке бердім. Сонда сақтаулы).

Бұл да бір білгенін, көңіліне түйгенін аяусыз айтатын сыншы екен. Ән-ағаң әредік әзіл-қалжыңы аралас: “Құлбек, сенен қазақ балалар әдебиеті сыншысын тәрбиелеп шығарамын” – деп те жүрді. (Өкінішке қарай Ән-ағаңның көзі тірісінде балалар әдебиеті жайында ештеңе жаза қоймаппын. Қ.Е.)

Қазақ университетінде М.О.Әуезов атындағы әдеби бірлестік жұмыс істейді. Әуелде Б.Кенжебайұлы ұйымдастыр-

ған, кейін З.Қабдолов басқарған бұл әдеби бірлестікке біздің студент кезімізде С.Садырбаев жетекшілік жасады. Обалы не, бұл бірлестік университет іргесінде құрылғанымен қанатын кең жайған, республикалық деңгейге көтерілген ғибрат ұясы еді. Ақшам мен намазшам аралығында қаланың әр қиырынан студент, жұмысшы жастар ҚазМУ-ге қарай мерекелік шат көңіл күймен ағылып келе жататын. Бұл бірлестікке Ә.Тәжібайұлы, Ш.Айтматов, Ә.Нұрпейісов, М.Әлімбаев, Т.Ахтанов, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев секілді жазушылар келіп жастармен талай мәрте сырласқан. Айта берсе бұл бірлестіктің дербес ғибраты, өзіндік шежіре-тарихы мол.

Әуезов атындағы әдеби бірлестік темірқанат жастарды мінбеге шығарып, сөйлетіп баулитын. Ақын-жазушылардың бірін ортаға алып түн баласына шығармасын талдау да ұдайғы дәстүр. Жетпісінші жылдары Тұманбай Молдағалиев есімі жерге түспейді. Бейне көкке ілініп қалғандай... “Хош, көктем” жыр жинағын оқыған жастарда ес-түс жоқ. Енді осы ақынмен кездесуіміз керек. Баяндаманы кімге тапсыруымыз керек? Сенімнің айналайын ұстаз Сұлтанғали Садырбаев баяндаманы маған тапсырды.

Кешке астана жастары кең залға мелдектей жиналды. Инешаншар орын жоқ. Ақын есіктен кіріп келеді. Дуылдаған шапалақ. Ақын орнына отырды. Қызу ұрылған шапалақ. Ақын орнынан көтеріліп ізет-ілттипат жасап қайта отырды. Дуылдап, шуылдап барып соғылған қол зорға саябырсыды. Жасыратын не бар, баяндама тұздықтылау болып кеткен екен. Жастар махаббаты мынадай болып тұрғанда тұздықты баяндаманы оқу қалай болар екен деп толқимын. Аудитория қабылдай ма, жоқ па? Сөз берілді де баяндаманы оқып шықтым. Шегінер жер қалмаған еді. Ақынға үш-төрт кемшілік қазылып айтылды.

Бірінші – өзін-өзі қайталайды.

Екінші – ақындық диапазон тар. Келешекке сілтер ақындық программа жоқ.

Үшінші – арнау өлең көп.

Төртінші – өлеңдерінде сөз қайталау көп.

Аудитория қабылдай қоймаған болар. Абырой болғанда, қарсыласпады әйтеуір. Өздерінің жақсы көретін ақыны жөнінде кездейсоқ балаң сыншының тұздықты баяндамасына таңырқап қана отырды-ау, асылы.

Сүйікті ақынды қайдам, ақынмен сыйлас жүретін Сұлтекең зорға шыдап отырды. Баяндама аяқталған соң:

– Мінбені біржақты пайдаланып кетуге болмайды, Құлбек жолдас. Сын айтпа демейміз. Бірақ әдептен аспайық, – деп ескерту жасады.

Айтылар сөз айтылып кетті алайда. Баяндама жастар махаббатын суыта алған жоқ бірақ. Сүйікті ақынын, махаббат жыршысын гүлге бөлеп, әбден әспеттеп бақты. Тұздықтылау болып кеткен менің пікірім. Әйтпесе, жастардың ақынға деген махаббаты әбден-ақ негізді еді. Т.Молдағалиев ол кезде қатарластарының ешқайсысын құйрық тістестірмей дара шауып келе жатқан кез.

Сөз кезегінде Тұма-аға кешке шақырған жастарға рахмет-алғысын айта келіп, маған өкпелемейтінің, қайта өткірлене түсуімнің керектігін ескертті. “Сыншы болу – ақын ұната ма, жоқ па, батыл болу” – деді ақын.

Біреу қолдап, біреу қолдамай әрі-сәрі күй кешкен мен сол күндердің бірінде Әнуарбек Дүйсенбиевтің үйіне бардым. Таяуда басымнан өткен оқиғаны айта келіп:

– Ән-аға, Сіз берген Белинскийдің кітабы, Сіз берген Америка әдебиет сыншысының мақаласы ойлаған, ойға алған пікіріңді батыл айтуға үндейді емес пе? Ал, мен Сіздің Тұманбай досыңызды сынаймын деп қолайсыз жағдайға қалдым – дедім, біртүрлі мұңайып.

– Дұрыс қой – деп жұқа жымиды Ән-ағаң, ол принцип, бірақ рецепт емес, Тұмашқа қаттылау қадалыпсың. Өзі жетім өскен, жаны жаралы, әрі жаны нәзік адам, шын ақын ғой Тұмаш. – Ақын аға сөйтіп бірсыпыра кеңес айтты. Ән-ағаң айтқан бір әфсана-әңгіме әлі есімде.

– Баяғыда бір қанішер хан болыпты – дейді ол, – сол хан тарихта атын қалдыру мақсатында бір жылнамашы ұстапты. Хан жорықта, жылнамашы қасында. Жойқын соғыс, төгілген қан, шыққан жан дегендей. Күндердің бір күнінде жылнамашыны шақыртып: “Талай жортуыл жорықтарды өттік. Қане сен тарихқа кіретін не жаздың?” – деп сұрапты. Сөйтсе жылнамашы дәптері толы “қанішер хан ана елді жаулады”, “мынадай кісілерді өлтірді” – деген сынайдағы тізбелер екен. Ханның көңілі толмапты: – Мұның не, мені сонша қанқұмар қылып көрсеткенің? – дейді тікіленіп.

Сонда жылнамашы:

– Сіз тек көзіңмен көрген шындықты ғана жаз демеп пе едіңіз? – дейді ғой.

Хан тұрып сонда:

– Керекті шындық бар, керексіз шындық бар. Бұл – бір. Екіншіден, мәселе – шындықты айтуда ғана емес, қалай айтуда. Осыны жадыға тұт деген екен. Сен де осы әңгімені жадыға тұт, балақай! – деп әңгімесін аяқтап басымнан сипады Ән-ағаң.

Бұл да менің әдеби сынға талпынып жүрген кездегі бір қадамым...

Жақсы дәстүрден көз жазып қалдық па?

Қазақ университеті жанындағы әдеби бірлестікті 1970 жылға дейін Сағат Әшімбаев есімді студент басқарыпты. Біз оқып жүрген кезде Сағат алдымен “Лениншіл жас” (“Жас алаш”) газетінде, кейінірек “Жұлдыз” журналында қызмет атқарды. Мақалалары мерзімді баспасөзде жиі-жиі жарияланып тұрады.

Сағат Әшімбаев, Рафаэль Ниязбеков, Шөмішбай Сариев “Жұлдыз” журналында қызмет істеген жылдары әдеби бірлестікке жиі келіп жүрді. Әдеби бірлестік мәжілісінің аяғы студент жатақханасында – тар бөлмеде жалғасатын сәттер жиі. Олар аразымызға келген сайын “Сын жазсандаршы” – деп әрқайсысымызды бір қамшылайды. Кейде ауызекі айтқан әңгімені “осы күйінде қағазға түсіріп бере қойыңдаршы” – деп те жатады. Демек, олар жәй жүрмепті, студент жастар арасынан талағының биті бар талапкерлерді іздей жүріпті. Қандай үлкен жүректілік?! Қандай қамқорлық?!

Университеттің әдеби бірлестігімен қатар әр факультеттің “Студенттердің ғылыми қоғамы” аталатын ұйымы бар. Филология факультетінде оны Жанғара Дәдебаев басқарады. Ғылыми қоғам мүшесі болып табылатын студенттер белгілі бір мұғалім жетекшілігімен конференцияда баяндама жасайды. Бір рет «Қазақ анекдоттары» – деген тақырыпта профессор Бейсембай Кенжебайұлының жетекшілік етуімен баяндама жасап, арнайы диплом алғаным бар. (Диплом архивімде сақтаулы. Қ.Е.)

Әрі бұл кезде Бейсекеңнің ұсынуымен А.Мецтің “Мұсылман ренессансы”, Л.Н.Гумилевтің “Байырғы түріктер”, Б.Ғафуровтың “Тәжіктер”, Н.И.Конрадтың “Батыс пен Шығыс”, Д.С.Лихачевтің “XIII-XV ғасырлардағы орыс әдебиеті жанрлары” – аталатын кітаптарын оқып үлгерген едім. Байқаймың, ыңғайым тарихқа, әдебиет тарихына ауып барады. Бәрі Бейсекеңнің тарихи-зерттеу мектебіне де бойлата берді.

Әлі есімде, сол жылдары Бейсекең мені белгілі ғалым,

үлкен түрколог Әуелбек Қоңыратбаевтың докторлық диссертация қорғауына алып барды. Бұл өзі ешкімге жалтақтап жағына бермейтін, білгенін айтып қарап отыратын, “кісілік саясатында” шаруасы жоқ, алаңғасар-әпенділеу қария екен. Диссертациясын жақсы қорғады. Бейсекең қатты қуанып жүрді. Залдан шығып келе жатқанда:

– Қызық болған жоқ па, ә, Құлбек? – деп ақырын маған қарап қойғанын аңғардым.

– Қызық екен... бірақ, неге Қоңыратбаев шал болғанда қорғап жатыр? Жастау кезінде неге қолға алмаған? – деп профессордың жүзіне үнілдім.

– Оның енді түрлі себебі бар – деді ғалым шәкірт баланың жүзіне сынай қарап, – Өзі де созып алды. Тақырыбы да қиын. Шығыс десе қашып тұратын да әдетіміз бар. Тағы басқа толып жатқан себептері бар...

Ғалым себептің бірін айтып, бірін айтпағандай күйде кетті. Мен тақақтап сұрап жатпадым. Қазақ ғалымдары арасындағы айтыс-тартыстан ол кезде хабарым жоқ, әрине. Жүрегін жараламайын деп Бейсекең де айтпаса керек.

Диссертация қорғауына қатысқандықтан ба екен, әйтеуір Әуелбек Қоңыратбаев деген кісі мені недәуір қызықтырды. Әрі Бейсекең ол кісі жөнінде түгел ақтарылып сыр айтпағандай көрінді маған. “Ит пен бала қорыған жерге өш” – дегендей балаң көңілімде ғалым еңбектерін оқып көретін екен деген қызығушылық пайда болды. Қазіргі “Ұлттық кітапхана” ол кезде А.С.Пушкин атындағы республикалық кітапхана аталады. Пайдалануға жаңа берілген. Аталмыш кітапханаға барып Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің кейбірімен танысып шықтым. Сөйтіп жүріп Бейсекеңе жолығып қалдым. Масаншы көшесінен Төлебаевта тұратын ғалым үйіне дейін бірге аяңдадық.

– Не оқып жүрсің, Құлбек? – деді ғалым.

– Әнеугі күні Қоңыратбаевты мақтап едініз. Сол кісінің еңбектерін қарап шықтым.

– Ә, дұрыс. Басқа не оқып жүрсің?

Мен жоғарыда аталған бірсыпыра еңбектерді тізбеледім.

– Ә, жарады. Ертең кафедраға келіп маған жолығып кет.

Төлебаев және Қабанбай батыр (ол кезде Калинин көшесі) көшелерінің қиылысында осылай қоштастық.

Ертеңіне “Қазақ әдебиеті” кафедрасына бас сұқтым. Бейсекең отыр екен. Жалт қарады.

– Кел, кел, келе ғой!